

"Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі 15.09.2016 ж.; "Егемен Қазақстан" 04.07.2017 ж., № 126 (29107); "Казахстанская правда" от 04.07.2017г., № 126 (28505)

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 10 тамызда № 14083 болып тіркелді.

Төраға

М. Жайымбетов

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігінің
Құрылыс және тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық
істері комитеті төрағасының
2016 жылғы 12 шілдедегі
№ 31-НҚ бұйрығына 2-қосымша

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСТЫҚ НОРМАЛАРЫ**

**Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ҚҰРЫЛЫСҚА АРНАЛҒАН ИНЖЕНЕРЛІК ІЗДЕУЛЕР. СЕЙСМИКАЛЫҚ
ШАҒЫН АЙМАҚТАНДЫРУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

**ИНЖЕНЕРНЫЕ ИЗЫСКАНИЯ ДЛЯ СТРОИТЕЛЬСТВА. СЕЙСМИЧЕСКОЕ
МИКРОЗонирование.
ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ
ҚР ҚН 1.02-02-2016**

СН РК 1.02-02-2016 : с изм. 2020-03-04

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
Министерство национальной экономики Республики Казахстан**

МАЗМҰНЫ

- 1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ
- 2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР
- 3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР
- 4 МАҚСАТТАР ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАР
 - 4.1 Нормативтік талаптардың мақсаттары
 - 4.2 Функционалдық талаптар
- 5 СЕЙСМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАНДЫРУДЫҢ ЖҰМЫС СИПАТТАМАСЫНА
ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ
- 6 ИНЖЕНЕРЛІК-ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ АСПАПТЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР...
 - 6.1 Инженерлік-геологиялық зерттеулер

6.2 Аспаптық зерттеулер

7 ЖЕР СІЛКІНІСТЕРІ МЕН ЖАРЫЛЫСТАРДЫ СЕЙСМОЛОГИЯЛЫҚ ТІРКЕУДІҢ ӨДІСТЕРІ

8 МИКРОСЕЙСМОЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ

9 СЕЙСМИКАЛЫҚ ҚАТТЫЛЫҚТАРДЫҢ ӨДІСІ

10 ЕСЕПТІК ӨДІСТЕР

11 ЭТАЛОНДЫҚ ТОПЫРАҚТАРДЫ ТАҢДАУ

12 ЕСЕПТІК МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ

13 ЕСЕПТІК МАТЕРИАЛДАРДЫ ҚАРАСТЫРУДЫҢ, САРАПТАУДЫҢ ЖӘНЕ БЕКІТУДІҢ ТӘРТІБІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ ҚҰРЫЛЫСҚА АРНАЛҒАН ИНЖЕНЕРЛІК ІЗДЕУЛЕР. СЕЙСМИКАЛЫҚ ШАҒЫН АЙМАҚТАНДЫРУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1	ҚОЛДАНУ САЛАСЫ
	<p>1.1 Осы құрылыс нормалары Қазақстан Республикасының қалаларының және басқа елді мекендерінің аумақтарын (келешекті құрылыстың есебімен), сонымен қатар жаңа өнеркәсіптік кәсіпорындардың, ғимараттардың, имараттардың және Қазақстан Республикасын сейсмикалық аймақтандырудың (СА-2000) картасы мен сәйкес 6 бастап және одан да асатын балл сейсмикалығы бар аудандарда орналасқан ауылшаруашылық мақсаттағы объектілердің аумақтарын жобалау мен құрылысын салу, және қолданыстағыларын реконструкциялау және кеңейту үшін сейсмикалық аймақтандыру бойынша жұмыстардың құрамы мен көлеміне қойылатын техникалық талаптарға таралады.</p> <p>1.2 Осы құрылыс нормасының мәніне қалалардың және басқа елді мекендердің аумақтарын сейсмикалық аймақтандыруға қойылатын біртұтас кешенді талаптар жатады.</p> <p>1.3 Ерекше жауапты объектілер (мысалы, атомдық электр станциялары (АЭС) үшін сейсмикалық аймақтандыру аудандардың шығыс сейсмикалығына тәуелсіз орындалады.</p>
	<p>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР</p> <p>Осы құрылыс нормаларын қолдану үшін келесі нормативтік құжаттар керек: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17-қарашадағы № 1202 қаулысымен бекітілген "Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарына қойылатын талаптар" техникалық регламенті.</p>
3	<p>ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР</p> <p>Осы құрылыс нормаларында тиісті анықтамалары бар келесі терминдер қолданылады:</p> <p>3.1 геологиялық және инженерлік-геологиялық үдерістер - геологиялық және инженерлік-геологиялық үдерістердің бар болуы, таралуы, дамыту жағдайлары белгіленеді;</p> <p>3.2 геологиялық құрылыс - белгіленген инженерлік-геологиялық элементтер мен олардың шөгу жағдайларының жобаланатын объектілердің геологиялық ортамен өзара әрекет ету саласындағы сипаты беріледі: қуаттылығы, минералдық және литологиялық құрамы, құрылымдық-текстуралық ерекшеліктері, жоспардағы және тереңдік бойынша өзгергіштік;</p> <p>3.3 геологиялық орта - инженерлік-шаруашылық (оның ішінде инженерлік-құрылыстық) қызметін жүзеге асыру шегінде көп компонентті динамикалық жүйені (тау жыныстары, жер асты сулары, газдар, физикалық өріс – жылу, гравитациялық, электромагниттік және басқалары) білдіретін литосфераның жоғары бөлігі;</p>

3.4 гидрогеологиялық жағдайлар - жобаланатын объектілердің геологиялық ортамен өзара әрекет ету саласындағы:

- су таситын горизонттардың таралуы және гидравликалық ерекшеліктері;
- аэрация аймағындағы су сыятын және су тірейтін қабаттар мен топырақтардың құрамы және сүзу қасиеттері, олардың жоспардағы және кесіктегі өзгергіштігі;
- жерастылық сулардың қимылының заңдылығы; қоректену көздері, қоректені жағдайлары мен жерастылық сулардың жеңілдету; олардың химиялық құрамы, бетонға деген агрессиясы және металдарға деген тот басуға белсенділігі;
- жерастылық сулардың басқа су таситын горизонттар мен үстіңгі сулармен гидравликалық өзара байланысы;
- жерастылық сулардың тәртібі; техногендік факторлар мен жүктемелердің гидрогеологиялық жағдайларға, оның ішінде су таситын горизонттардың таусылуы мен ластануына әсер етуі; құрылыс және объектілерді пайдалануға беру үдерісі кезінде гидрогеологиялық жағдайлардың өзгеруін болжау; жобаланатын ғимараттар мен имараттарды жерастылық сулардың қауіпті әсер етуінен қорғау және жерастылық сулардың тәртібіне қажет болғанда стационарлық бақылау ұйымдастыру мен жүргізу бойынша кепілдемелер; су таситын горизонттардың бар болуы және шөгу жағдайы;

3.5 жалпы сейсмикалық аудандастыру (бұдан әрі - ЖСА) картасы - ықтимал бағалары топырақ тербелістерінің ең жоғары үдеуінде және/немесе сейсмикалық қарқындылық шкаласы бойынша балдарда берілген әр түрлі әлеуетті сейсмикалық қауіпсіздігі бар аймақтар белгіленген елдің барлық аумағы ұсақ масштабта жасалған карталар:

- үдеулердегі сейсмикалық қауіпсіздікті бағалау тау және тауға ұқсас геологиялық формацияларға берілетін Қазақстан Республикасы ЖСА карталарына;
- ал балдардағы сейсмикалық қауіпсіздікті бағалау "орташа" топырақ жағдайларына жатқызылған;

3.6 жер сілкінісінің магнитудасы - жер сілкінісімен пайда болған сейсмикалық тербелістердің жалпы энергиясын сипаттайтын және сейсмометриялық станциялардың құралдық мәліметтері бойынша анықталған шартты логарифімдік көлем;

3.7 инженерлік-геологиялық аймақтандыру - аумақтарды аймақтандыру бөлшектелінеді, таксономикалық бірліктердің шекаралары мен сипаттамалары нақтыланады, жобаланатын ғимараттар мен имараттарды орналастыру, іргетастардың типтерін таңдау, инженерлік дайындық пен аумақты пайдалану, табиғатты пайдалану мен геологиялық ортаны қорғау бойынша бойынша кепілдемелер беріледі;

3.8 инженерлік-геологиялық жағдайлары - жобалау және салу жағдайларына, сондай-ақ тиісті мақсаттағы инженерлік құрылыстарды пайдалануға әсерін тигізетін зерттелетін аумақтың (тау жыныстарының бедерін, жер асты суларын, геологиялық және инженерлік-геологиялық процестерді және құбылыстарды қоса алғанда, құрамының және жағдайының, олардың орналасу жағдайларының және қасиеттерінің) геологиялық ортасы компоненттері сипаттамаларының жиынтығы;

3.9 инженерлік-геологиялық жағдайлардың күрделілік санаты - зерттелетін аумақты зерделеу және іздестіру жұмыстарының әр түрлі құрамы мен көлемдерін орындау күрделігін анықтау инженерлік-геологиялық жағдайлар факторларының жиынтығы бойынша геологиялық ортаның шартты жіктеуіші;

3.10 инженерлік-геологиялық процесс - техногендік факторлардың ықпалымен уақытта және кеңістікте геологиялық орта компоненттері жағдайларының өзгеруі.

3.11 сейсмикалық шағын аймаққа бөлу карталары - жер беті тербелістерінің параметрлеріне жергілікті сейсмикалық-тектоникалық, инженерлік-геологиялық және топографиялық жағдайлардың әсерін ескере отырып, салынатын аумақтар (елді мекендер, өнеркәсіптік объектілер) үшін жасалған карталар, сейсмикалық шағын аймаққа бөлу карталарын ЖСА карталарында келтірілген мәліметтерді анықтау мақсатында жасалады;

	<p>3.12 стационарлық бақылаулар - берілген орындардағы аумақтың инженерлік-геологиялық жағдайларының жеке факторлары (компоненттері) жағдайларының өзгеруін үнемі (үздіксіз немесе мерзімді) бақылау (өлшеу).</p> <p>3.13 топырақтардың қасиеті - әрбір белгіленген инженерлік-геологиялық элемент үшін топырақтардың физикалық, деформациялық, беріктілік және химиялық қасиеттерінің нормативтік және есептік сипаттамалары, жобаланған құрылыс пен объектілерді пайдалануға беруге байланысты топырақтардың өзгеруін бағалау жүргізіледі.</p>
4	<p>МАҚСАТТАР ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАР</p>
	<p>4.1 Нормативтік талаптардың мақсаттары</p> <p>Ғимараттар мен имараттардың қауіпсіздік жұмыстарын қамтамасыз ету, үнемділік пен ғұмырлық аспектілерінің есебі арқылы пайдалануға беруге жарамдылықты, адамдардың денсаулықтары мен өмірлеріне зиян келтірудің қолайсыз қауіптерінің пайда болуына жол бермей, сейсмикалық аймақтарда сейсмикалық қауіптілікті артыру.</p>
	<p>4.2 Функционалдық талаптар</p> <p>Ғимараттар мен имараттардың конструктивтік шешімдерін төмендегі талаптарды қанағаттандыратындай етіп жобалау керек:</p> <p>ғимараттар мен имараттардың пайдалануға беруге беріктілігі мен жарамдылығын, сенімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету және сейсмикалық қауіпсіздігін артыру; адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғау және әр түрлі зілзала басталғанда қолайсыз қауіп - қатерді болдырмау; энергияны үнемдеу және табиғи ресурстарды оңтайлы пайдалану.</p>
5	<p>СЕЙСМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАНДЫРУДЫҢ ЖҰМЫС СИПАТТАМАСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ</p>
	<p>5.1 Қазақстан Республикасы аумағының потенциалдық сейсмикалық қауіптілігі ықтималдық негізі бар жалпы сейсмикалық аймақтандыру карталарының жиынтығымен сипатталады. Жалпы сейсмикалық аймақтандыру (ЖСА) карталары сейсмикалық аймақтарда орналасқан Қазақстан Республикасының елді мекендерінің тізімімен ілеспелі болады. Көрсетілген тізімде елді мекендердің аумақтарының сейсмикалық қауіптілігі туралы деректер ЖСА карталары бойынша берілген.</p> <p>5.2 Қазақстан Республикасы аумағындағы сейсмикалық аймақтандыру бойынша жұмыстар меншіктің кез келген нысанындағы мамандандырылған ғылыми және өндірістік ұйымдармен орындалады.</p> <p><i>Ескерту. 5.2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 04.03.2020 № 48-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.</i></p> <p>5.3 Сейсмикалық аймақтандырудың мақсаты сейсмикалық қауіптілікті оның топырақтың сейсмикалық қасиеттерін, аумақтың инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық және сейсмотектоникалық ерекшеліктерін (топырақтық жағдайлар, рельефтің ерекшеліктері, сейсмобиелсенді тектоникалық бұзылыстардың бар болуы, жағымсыз физика-геологиялық үдерістер мен жаратылыстар және тағы басқа (бұдан әрі – ж. т. б.) кешенді зерттеу негізінде фондық (шығыс) шамасымен салыстырғанда, өзгеруінің (ұлғаюының немесе кішіреюінің) әртүрлі потенциалдық сейсмикалық қауіптілігін көрсету арқылы сандық бағасында болады.</p>

5.4 Геофизикалық зерттеулер әртүрлі инженерлік-геологиялық жағдайлардағы сейсмикалық әсер ету сипаттарының сандық болжамы үшін орындалады.

5.5 Жұмыстардың құрамы мен көлемі қаланың, ауылдың немесе ауылдық елді мекеннің халқының санының, өнеркәсіптік кәсіпорындардың ірілігінің, ғимараттар мен имараттардың жауапкершілік дәрежесінің және ықтимал қиратқыш жер сілкіністерінің әлеуметтік-экономикалық салдарының есебімен анықталған сейсмикалық аймақтандыру объектісінің класына бойланысты белгіленеді.

5.6 Сейсмикалық аймақтандыру бойынша жұмыстардың нәтижесіне ұлттық ғылыми кеңеспен мақұлданған карта жатады. Сейсмикалық аймақтандырудың картасы Қазақстан аумағында іздеу, жобалау және құрылыс жұмыстарын жүзеге асыратын барлық ұйымдар үшін олардың ведомстволық бағынуына тәуелсіз міндетті нормативтік құжат болып табылады.

Ескерту. 5.6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 04.03.2020 № 48-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5.7 Олар үшін сейсмикалық аймақтандырудың бекітілген карталары бар аумақтардың шегінде, нақты ғимараттар мен имараттардың телімдерінде, инженерлік іздеулер өндірісінің барысында Картамен салыстырғанда алаңның сейсмикалық әсеріне ықпал етуге қабілетті (топырақтық жағдайлар, техногендік факторлардың әсері, ғимараттар мен имараттарды әртүрлі сейсмикалық телімдердің шекарасында орналастыру және сол сияқты (бұдан әрі – және сол сияқты) әртүрлі инженерлік-геологиялық жағдайлар анықталған жағдайда, алаңның сейсмикалығын нақтылау мақсатында қосымша іздеулер жүргізуге жол беріледі.

Бұл жұмыстарды осы аумақты сейсмикалық аймақтандыруды жүргізген ұйым орындайды.

5.8 Қазақстан Республикасы аумағын жалпы сейсмикалық аймақтандыру карталарының жиынтығы I-1475, I-12475 және I-2475, I-22475 карталарынан тұрады.

5.9 I-1475 және I-12475 карталары шындық жылдамдатудағы 475 және 2475 жыл кезеңдері үшін аймақтардың сейсмикалық қауіптілігін сипаттайды.

5.10 II-1475 және II-12475 карталары 475 және 2475 жыл кезеңдері үшін аймақтардың сейсмикалық қауіптілігін бүтін санды баллмен сипаттайды.

Ескертпе: Қазақстан Республикасы аумағын ЖСА карталарында берілген сейсмикалық қауіптіліктің ықтималдық бағалауларының инженерлік тұрғыдан көбінесе статистикалық-экономикалық мәні бар.

5.11 I-1475 және I-12475 карталарын қарастырылатын аймақтың сейсмикалық қауіптілігіне сәйкес келетін $agR(475)$ және $agR(2475)$ топырақтарының шындық жылдамдатуының референттік мәндерін анықтау кезінде қолдану керек.

5.12 I-2475 және I-22475 карталарын қарастырылатын аймақтың сейсмикалық қауіптілігін сейсмикалық оқиғалардың ықтимал макросейсмикалық салдарын сипаттайтын сейсмикалық қарқындылықтың шкаласы бойынша бүтін сандық баллдарда қарастыру керек.

Ескертпе: Қазақстан Республикасы аумағының сейсмикалық қауіптілігін сипаттайтын ЖСА карталары:

болжамдық жер сілкіністерінің өңірлер үшін ықтимал макросейсмикалық салдарын бағалауға;

ел өңірлерін олардың сейсмикалық қауіптілігінің дәрежесінің есебімен жоспарлауға;

ел немесе өңір көлемінде антисейсмикалық шаралар жүргізуге шығатын шығындарды іріленген көрсеткіштерінің көмегімен жоспарлауға;

нақты объектілерді жобалаудың жалпы концепциясын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

	<p>5.13 Құрылыс алаңының сейсмикалық қауіптілігін жергілікті сейсмо-тектоникалық, инженерлік-геологиялық және топографиялық жағдайлардың жер бетінің тербеліс параметрлеріне әсер ету есебімен жасалған сейсмикалық шағын аймақтандыру карталары бойынша анықтау керек.</p> <p>5.14 Сейсмикалық шағын аймақтандыру карталары құрылыс үшін алаң таңдауды жүзеге асыратын, сонымен қатар іздеулер мен жобалауды жүргізетін барлық ұйымдармен ескерілуі керек.</p> <p>5.15 Сейсмикалық шағын аймақтандыру карталары бойынша қабылданған сейсмикалық қауіптілікті:</p> <p>егер инженерлік-геологиялық іздеулерді орындау үдерісінде алаңның сейсмикалық қауіптілігін бағалауға ықпал етуге қабілетті, бұрын ескерілмеген факторлар табылғанда; ғимараттар мен имараттарды әртүрлі сейсмикалық қауіптілігі бар телімдердің шекараларында орналастыру кезінде;</p> <p>жердің нақты рельефінен шығып, инженерлік-геологиялық іздеулер нәтижелері бойынша нақтылауға жол беріледі.</p> <p>5.16 Сейсмикалық шағын аймақтандыру карталарын нақтылауды картаны құрастырған ұйым немесе картаны құрастырушы ұйыммен келісу бойынша басқа іздеу ұйымы орындай алады.</p> <p>5.17 Сейсмикалық шағын аймақтандыру карталары жоқ болған жағдайда, құрылыс алаңының сейсмикалық қауіптілігі мен есептік сейсмикалық әсер етудің параметрлерін жалпы сейсмикалық аймақтандыру картасы немесе инженерлік-геологиялық іздеулердің нәтижелері бойынша белгіленген тиісті аймақ пен құрылыс алаңының топырақтық жағдайының сейсмикалық қауіптілігінен шыға, елді мекендердің тізімі бойынша қабылдауға жол беріледі.</p> <p>5.18 Сейсмикалық аймақтандыру карталары жоқ аудандар үшін ерекшелік ретінде, алаңның сейсмикалығын инженерлік-сейсмикалық аналогтардың әдісімен анықтауға жол беріледі. Бұл жұмысты сейсмикалық аймақтандыру карталарын әзірлеуді жүргізетін республикалық ұйымдардың орындауға құқығы бар.</p> <p>5.19 Сейсмикалық аймақтандыру карталарын құру кезінде фондық (шығыс) шамаға қабылданылатын көлденең толқындардың таралу жылдамдылығының орташа мәндеріндегі сейсмикалық әсер етудің қарқындылығы Бөлшектік сейсмикалық аймақтандыру (бұдан әрі - БСА) карталары бойынша, олар жоқ болған жағдайда – Қазақстан Республикасын жалпы сейсмикалық аймақтандыру картасы елді мекендердің тізбесі бойынша анықталады.</p>
6	ИНЖЕНЕРЛІК-ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ АСПАПТЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР
	6.1 Инженерлік-геологиялық зерттеулер
	<p>6.1.1 Сейсмикалық аймақтандыру мақсаттары үшін инженерлік-геологиялық зерттеулер: өткен жылдардың іздеу материалдарын жинау және жүйелеу; инженерлік-геологиялық суреттеудің; сейсмикалық аймақтандыру карталарының инженерлік-геологиялық негізінің кезеңдерінен тұрады.</p> <p>6.1.2 Өткен жылдардың іздеу материалдарын жұмыс бағдарламаларын, аумақты инженерлік-геологиялық іздеудің схемаларын және нақты материалдың карталарын құруда пайдалану керек.</p> <p>6.1.3 Құрылыс алаңындағы инженерлік-геологиялық іздеулерді қолданыстағы</p>

	<p>нормативтік құжаттардың қағидаларына сәйкес және ғимараттың немесе имараттың жауапкершілік класына және құрылыстың ерекшеліктік жағдайына байланысты арнайы талаптардың есебімен орындау керек.</p> <p>6.1.4 Инженерлік-геологиялық іздеулер болжамдық сейсмикалық әсер етудің сейсмикалық қасиеттері мен параметрлері бойынша топырақтық жағдайлардың типін анықтауға жеткілікті көлемде орындалуы керек.</p> <p>6.1.5 Инженерлік-геологиялық суреттеудің өндірісі кезінде топырақты классификациясы мен топырақ номенклатурасының негізінде құрам мен жағдай бойынша бөлу керек. Топырақты жас бойынша бөлу біртұтас стратиграфикалық сызбаға немесе жергілікті стратиграфикалық сызбаларға сәйкес жүзеге асырылуы керек. Топырақтың генезисі қолда бар негетикалық классификациялардың негізінде геологиялық белгілердің жиынтығы бойынша белгіленуі керек.</p> <p>6.1.6 Геоморфологиялық бақылауларды: рельефтің әртүрлі элементтерін анықтау және контурлау; рельеф элементтерінің шөгіндінің литогенетикалық типтерімен өзара байланысын анықтау; рельефтің анықталған элементтеріне (біріншіден – әртүрлі құламалық баурайларға) дамуы сейсмикалық әсер ету кезінде күрт белсендірілуі мүмкін көшкін, құлау және басқа үдерістерге үйренуін анықтау; рельеф жағдайы бойынша құрылыс үшін жағымсыз телімдерді бөлу сияқты тапсырмаларды шешу үшін жүргізу керек.</p> <p>6.1.7 Инженерлік-геологиялық іздеулер барысында жерастылық топырақтық сулардың максималдық деңгейін белгілеу керек.</p> <p>6.1.8 Инженерлік-геологиялық іздеулердің нәтижелерін карталар, инженерлік-геологиялық кескіндер, кестелер және сейсмикалық аймақтандыру карталарын инженерлік-геологиялық негізін қалауға қажетті және жеткілікті ақпараттан тұратын басқа да мәтіндік материалдар түрінде ұсыну керек.</p>
	<p>6.2 Аспаптық зерттеулер</p>
	<p>6.2.1 Аспаптық зерттеулер зерттелетін аумақтың сейсмикалықтылығы мен топырақтардың сейсмикалық қасиеттері туралы деректерді алу мақсатында жүргізіледі және:</p> <p>инженерлік-геологиялық іздеулердің нәтижелері бойынша бөлінген топырақтық кешендердің негізгі типтеріне арналған эталондық топырақтарға қатысты сейсмикалық қарқындылықты өсіру шамаларын өзгертудің сандық бағасын; көшкіндік телімдердің немесе басқа геологиялық үдерістер мен жаратылыстардың даму телімдерінің шегінде ықтимал сейсмикалық әсерлердің сапалық бағасын; оның шегінде немесе тікелей маңында орналасқан тектоникалық бұзылыстардың зерттелетін аумақтың сейсмикалығына әсер етуінің сандық немесе сапалық бағасын; рельефтің зерттелетін аумақтың әртүрлі телімдерінің сейсмикалығына әсер етуінің сандық немесе сапалық бағасын; сейсмикалықты өзгерту болжамының теориялық есептеріне арналған шығыс деректерін алуды қамтамасыз етуі керек.</p> <p>Барлық жоғарыда аталған тапсырмалардың шешімі шығыс сейсмикалыққа тәуелсіз, А класының объектілері үшін, сонымен қатар көлденең толқындардың таралуының жылдамдығының 250 метр/секундына (бұдан әрі - м/с) және одан төмен шығыс орташа мәні кезінде Б класының айтарлықтай жауапты объектілері үшін қарастырылады. Көлденең толқындардың таралуының орташа жылдамдығы 250 м/с және асатын аймақтарда орналасқан Б және В класының объектілері үшін аспаптық зерттеулер</p>

	<p>сейсмикалық қарқындылықты өсіруді және теориялық есептеу үшін деректерді алуды бағалауға байланысты тапсырмаларды шешумен шектеледі. Көрсетілген объектілер үшін басқа тапсырмаларды шешу жер жағдайына байланысты жүргізіледі және жұмыс бағдарламасында негізделеді.</p> <p>6.2.2 Аспаптық зерттеудің кешені сейсмологиялық, сейсмикалық тексеру, электрлік тексеру, радиоизотоптық және басқа геофизикалық әдістерден тұруы керек. Жоғарыда көрсетілген тапсырмаларды шешуге қажетті кешендік аспаптық зерттеулердің құрамы, сейсмикалық аймақтандыру объектісінің класына, инженерлік-геологиялық жағдайлардың күрделілігінің санатына сәйкес, нормативте көрсетілген жұмыс ауданының ағашқы сейсмикалығының шамасына байланысты белгіленеді.</p>
7	<p>ЖЕР СІЛКІНІСТЕРІ МЕН ЖАРЫЛЫСТАРДЫ СЕЙСМОЛОГИЯЛЫҚ ТІРКЕУДІҢ ӘДІСТЕРІ</p> <p>7.1 Жер сілкіністері мен жарылыстарды сейсмологиялық тіркеудің әдістері сейсмикалық аймақтандыру кезінде қолданылатын сейсмологиялық әдістер кешенінде негізгі болып табылады. Әдістер сейсмикалық тербелістердің (жылжудың, жылдамдықтың, жылдамдатуың) амплитудасын, Фурье спектрлерін және әртүрлі инженерлік-геологиялық жағдайлары бар телімдердегі сейсмикалық қарқындылықтың қатыстық өзгерістерін сандық бағалауға арналған әрекет спектрлерін салыстыруға негізделеді. Төмен сейсмикалық белсенділігі немесе сейсмикалық кедергілердің жоғарғы фоны бар аудандарда жер сілкіністерін тіркеуді өнеркәсіптік немесе арнайы жарылыстарды тіркеумен жартылай немесе толығымен алмастыруға жол беріледі.</p> <p>Өртүрлі қарқындылықты сейсмикалық әсер етудің параметрлері мен шағын энергиялық және жарылыстық жер сілкіністерін тіркеуге параллель жалпы сейсмикалық әсерде қалдық деформациялардың рөлін анықтау арасындағы сандық сипаттаманың қатынастарын белгілеу үшін қатты жер сілкіністерін күтпелі тәртіпте тіркеуді жүргізуге кепілдеме беріледі.</p> <p>7.2 Сейсмикалық тербелістің сандық сипаттамасын анықтау мақсатында жер сілкіністері мен жарылыстарды тіркеу үшін тиісті құралдармен жарықтандырылған, үздіксіз немесе күтпелі тәртіпте жұмыс істейтін уақытша сейсмикалық станцияларды қолдану керек. Құралдарға қойылатын негізгі талапқа тіркеу арналарының сәйкестілігі мен олардың жеткілікті сезімталдығы жатады. Арналардың амплитудалық-жиіліктік сипаттары 0,1-ден 2 секунд (бұдан әрі – сек.) дейінгі кезеңдердің диапазонында аз бұрмаланған жазбаны қамтамасыз етуі керек.</p> <p>Қолданылатын жабдықтың сипаттамасына байланысты топырақтың жылжу, жылдамдық немесе жылдамдату амплитудалары тіркеледі.</p> <p>7.3 $f = 3 - 5$ герц (бұдан әрі – Гц) жиілікті тербелістер кезінде топырақтың жүрісін көрсететін жақын жер сілкіністерінің, алыстатылған жер сілкіністерінің – спектр мен жарылыстардың елеулі төмен жиілікті саласында – спектрдің жоғары жиілікті саласындағы жазбалар бойынша сейсмикалық қарқындылықтың өсуін бөлек бағалау керек.</p> <p>Спектрдің әртүрлі жиіліктік диапазонындағы сейсмикалық қарқындылықтың өсуінің бағасындағы айтарлық айырмашылықтар болған жағдайда, бұл деректерді бөлек жүргізу керек.</p> <p>7.4 Аумақтарды инженерлік-геологиялық және аспаптық деректер бойынша сейсмикалық аймақтандыру кезінде бөлінген негізгі сейсмикалық аймақтарының әрқайсысына жалпыландырылған жиіліктік сипаттама иелендірілуі керек.</p> <p>7.5 Сейсмикалық аймақтандыру кезінде тіркелген жер сілкіністері мен жарылыстарды зерттеудің нәтижелері қатты жер сілкінісінің сипаттамасының жақындатылған болжамы үшін қолдануға болады.</p>

8	МИКРОСЕЙСМОЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ
	<p>8.1 Жоғары жиілікті микросейсмолардың фонын тіркеу әдісін әртүрлі типтік топырақтық жағдайлар үшін микро тербелістердің артықшылықты кезеңдері мен амплитудалық дейгейін тіркеу және салыстыру жолымен топырақтың резонанстық сипаттарын анықтауға арналған қосымша ретінде қолдану керек.</p> <p>8.2 Бақылау орындарының саны инженерлік-геологиялық деректер бойынша бөлінген әрбір типтік топырақтық жағдайға 2-3 есебінен, бірақ сейсмикалық аймақтандыру аумағының әрбір шаршы километріне 3 кем емес есебінен таңдалынады. Әрбір бақылау орнындағы жазбалардың саны топырақ қозғалысының үш компонентінің – екі горизонталь және бір вертикаль немесе екі горизонталь компоненттері бойынша 120 секунд кем емес жазбаның ұзақтылығы кезінде 3 кем болмауы керек.</p> <p>8.3 Зерттелетін аумақта біртұтас локалданған микросейсмо көзінің бар болған жағдайда, эталондық және зерттелетін орындарда тербелістердің синхрондық жазбалары жүргізілуі керек. Одан басқа, тербелістердің қашықтықпен сөну заңдары және осы көздермен қозатын амплитудалық-жиіліктік сипаттамалар зерттелуі керек.</p> <p>8.4 Микросейсмоларды тіркеу жағдайының қажетті стандарттылығын сақтау мүмкін еместігі мен максималдық амплитудалардың мәндерін қатысты жоғары шашуы микросейсмо әдісін сейсмикалық аймақтандыру кезінде тек басқа аспаптық әдістермен кешенде ғана пайдалануға мүмкіндік береді.</p>
9	СЕЙСМИКАЛЫҚ ҚАТТЫЛЫҚТАРДЫҢ ӘДІСІ
	<p>9.1 Сейсмикалық қаттылықтардың әдісі (бойлық немесе көлденең толқынның жылдамдығы топырақ тығыздығына тексеру) барлық класты сейсмикалық аймақтандыру объектілері үшін міндетті болып табылады және әртүрлі инженерлік-геологиялық жағдайлары бар сейсмикалық қарқындылықты өсірудің сандық бағасы үшін басқа аспаптық әдістермен кешенді қолданылады.</p> <p>9.2 Сейсмикалық қаттылықтың әдісі бойынша баллды өсіруді бағалау зерттелінетін және эталондық топырақтың сейсмикалық қаттылығына салыстыруға (суландыру мен резонанстық жаратылыстарға түсету арқылы) негізделген.</p> <p>9.3 Сейсмикалық қаттылықтардың әдісі шағын энергиялар мен жарылыстардың жер сілкіністерін тіркеу жолымен алынған топырақ тербелістерінің амплитудалары мен спектрлерін зерттеудің нәтижелерін толықтырады. Зерттелетін аумақтардың шегінде осы әдістер арқылы алынған нәтижелердің арасындағы корреляциялық тәуелділікке сүйене отырып, әртүрлі сейсмикалық қауіптілігі бар телімдердің шекараларын сенімді анықтау үшін анықтаудың сериясын жүргізу керек.</p> <p>9.4 Сейсмикалық толқындардың таралу жылдамдықтары массивтің күндізгі бетіндегі немесе ішкі нүктелеріндегі көп арналық станцияларды сейсмостексеру бақылауларының көмегімен анықталады. Топырақ тығыздықтары зертханалық әдістермен немесе радиоизотоптық өлшемдердің нәтижелері бойынша анықталады.</p> <p>9.5 Зерттелетін және эталондық телімдердегі топырақтардың сейсмикалық қаттылығына қатысты сейсмикалық қарқындылықты өсірудің мәндерінің бағасын табиғи жағдайдағы және техногендік үдерістермен өзгертілген топырақтар үшін пайдалануға кепілдеме беріледі.</p> <p>Су сіңірмейтін топырақтарды зерттеу кезінде есептеу үшін бойлық және көлденең толқындардың таралу жылдамдығын пайдалануға болады. Су сіңіретін топырақтарды зерттеу кезінде тек көлденең толқындардың мәндерін пайдалану керек.</p>

	<p>9.6 Сейсмостексеру бақылауларының көлемдерін белгілеу кезінде инженерлік-геологиялық және геофизикалық жұмыстардың деректері бойынша тиісті геоморфологиялық және геологиялық құрылысы, литологиялық құрамы, жағдайы және топырақтардың физика-механикалық қасиеттері мен гидрогеологиялық жағдайлары бар телімдердің әрқайсысы үшін топырақтың сейсмикалық сипаттарын алу қажеттілігін ескеру керек. Бөлінген телімдердің әрқайсысына сейсмостексеру бақылаулар телім шегінде (инженерлік-геологиялық карталандыру кезінде жүргізілген сейсмостексеру жұмыстарының есебімен) топырақтың сейсмикалық сипатының өзгергіштігінің бағасын қамтамасыз етуі керек.</p> <p>9.7 Сейсмикалық әсерді, инженерлік сейсмология мен сейсмостексерудің жерүстілік әдістерінен басқа, нақтылау үшін қолданылатын аспаптық бақылаудың кешені бойлық және көлденең толқындардың таралу жылдамдықтарын да, оған қоса олардың сөну және топыраққа сңіу сипаттарын да зерттеуге мүмкіндік беретін ұңғымалар мен шурфалардағы бақылаулардан тұрады. Бақылау сейсмокаротаж, акустикалық сәуле түсіру, вертикаль сейсмикалық бейіндеу, әртүрлі тереңдіктегі жер сілкіністері мен жарылыстарын тіркеу әдістерімен жүргізіледі.</p>
10	<p>ЕСЕПТІК ӘДІСТЕР</p> <p>10.1 Ортаның және синтетикалық акселеограммалардың әртүрлі модельдері үшін спектралдық сипаттамасының теориялық есептеуін сол аудан үшін ықтимал ең күшті жер сілкіністерінің әсерімен сейсмикалық аймақтандыру теліміндегі топырақтың тербелісін болжау мақсатында сейсмикалық аймақтандыру тапсырмаларын шешу үшін қолдану керек.</p> <p>10.2 Теориялық есептеудегі модельдердің соны, әдетте, телімдердің инженерлік-геологиялық деректері бойынша бөлінген санына сәйкес келуі керек.</p> <p>10.3 Горизонталь қабаттық, жазық параллель кесіктер үшін ортаның үстіңгі және ішкі нүктелеріндегі спектралдық сипаттамалар мен акселеограммаларды есептеудің аналитикалық әдісі қолданылады.</p> <p>Бөлімнің қисық сызықтық шекаралары бар телімдер үшін соңғы элементтер мен соңғы көптірліліктің сандық әдістерін және бөлімнің жартылай эллипстік шекарасы бар аналитикалық әдісін қолдану керек.</p> <p>10.4 Сейсмикалықты нақтылау кезіндегі теориялық есептеулер үшін сейсмикалық аймақтандыру кезінде эксперименталдық жолмен алынған параметрлер қолданылады.</p>
11	<p>ЭТАЛОНДЫҚ ТОПЫРАҚТАРДЫ ТАҢДАУ</p> <p>11.1 Эталондық топырақтар ретінде шартты түрде Қазақстан Республикасын сейсмикалық аймақтандыру картасы (СА-2000) бойынша анықталған шығыс баллының шамасы жататын, сейсмикалық қасиет бойынша II санаттың орташа топырақтарын таңдауға кепілдеме беріледі. Көбінесе мұндай топырақтарға жоғарғы бөлімге айтарлықтай сипатты ұсақ тас-қиыршықтастық немесе малтатас-жұмыртастық материалдарды қоса, су баспаған құмай-саздақ топырақтар, немесе келесі параметрлері бар малтатас-ірі және орташа дәнді, орташа тығыздықты құм топырақтар жатады.</p> <p>11.2 Орташа топырақтарды таңдау кезінде осы норманың 12.14 тармақшасының талаптарының есебімен қатты жер сілкіністерінің салдарын макросейсмикалық зерттеудің материалдарын ескеру керек.</p> <p>11.3 Сейсмикалық аймақтандыру телмінде сейсмикалық қасиеттер бойынша 1-санатқа жататын жөнепараметрлері бар жартастық топырақтардың шықпасы бар болған</p>

	жағдайда, эталондық топырақ ретінде шығыс сейсмикалықтың шамасын қабылдау арқылы қабылдау керек.
12	<p>ЕСЕПТІК МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ</p> <p>12.1 Сейсмикалық аймақтандыру жөніндегі есептік материалдардың құрамына: жүргізілген жұмыстардың нәтижелерін толық сипаттаудан тұратын мәтін; мәтіндік қосымшалар; графикалық қосымшалар кіреді.</p> <p>12.2 Есеп берудің мәтіні келесі бөлімдерден тұрады: кіріспе; инженерлік-геологиялық жағдайлар; аспаптық зерттеулер; әдістердің кешені бойынша сейсмикалық аймақтандыру.</p> <p>Ескертпе: Есеп берудің саны мен атауы зерттеу аумағының жағдайының күрделілігіне және жұмыстардың кондициясына байланысты толықтырылуы мүмкін.</p> <p>12.3 Есеп берудің қосымшасында инженерлік-геологиялық зерттеулердің және аспаптық бақылаудың нәтижесі болып табылатын мәтіндік және графикалық материалды, сонымен қатар есеп берудің негізгі ережелерін суреттейтін материалды кіргізу керек.</p> <p>12.4 Мәтіндік және кестелік қосымшалардың құрамына: оны өзгерту мен толықтыруды қоса, тапсырыс берушінің техникалық тапсырмасы; топырақтар қасиеттерін зертханалық анықтаудың нәтижелері мен арнайы талдаулардың салыстырмалық кестелері; сейсмикалық қарқындылықты жетілдірудің есептерінің кестесі; ЭЕМ геофизикалық параметрлерін есептеудің деректері; жер сілкіністерінің (сейсмограммалар, велосиграммалар немесе акселеограммалар), қисық ВЭЗ, годографтардың жазбалары; геосейсмикалық және геоэлектрикалық кесіктер мен басқа бастапқы материалдар, орындаушының данасына ғана, кіреді.</p> <p>12.5 Графикалық қосымшалардың құрамына: нақты материалдың картасы; инженерлік-геологиялық картана құрауда пайдаланылатын қосалқы карталардың жинағы (геоморфологиялық, су таситын бедердің бетінде бірінші шөгу тереңдігінің картасы – әдетте, жерастылық сулар және аумақтың күрделілігіне байланысты басқалар); бөлінетін таксономикалық бірліктердің сипаттамасы бар (түсіндірме кесте) инженерлік-геологиялық аймақтандыру картасы; түсіндірме кестесі бар кешендік сейсмикалық аймақтандырудың картасы кіреді.</p> <p>12.6 Инженерлік-геологиялық іздеулер туралы есеп құрылыс алаңының сейсмикалық қауіптілігінің бағасынан тұруы керек, сондықтан онда: I-1475 және I-12475 карталары бойынша қарастырылатын сейсмикалық аймақ үшін анықталған топырақтың $agR(475)$ және $agR(2475)$ шыңдық жылдамдықтарының референттік мәндері; I-1475 және I-12475 карталары бойынша анықталған бүтін сандық баллдардағы құрылыс ймағының сейсмикалық қауіптілігі (сейсмикалығы); инженерлік-геологиялық іздеулердің нәтижелері бойынша анықталған сейсмикалық қасиеттер бойынша құрылыс алаңының топырақтық жағдайының типі және қабылданған бағаны негіздеуді растайтын нақты деректер; сейсмикалық шағын аймақтандыру карталары және/немесе инженерлік-геологиялық іздеулердің нәтижелері бойынша анықталған құрылыс алаңының сейсмикалық қауіптілігінің көрсеткіштері; болжаудағы құрылыс объектілеріне жағымсыз әсер ететін факторлардың бар-жоқтығы</p>

көрсетілуі керек.

12.7 "Кіріспеге" бірге орындаушы-ұйымдарда ж.т.б. жұмыстарды қоюды негіздеуге қажетті деректер беріледі, жұмыс жүргізу үдерісінде қажеттілік туған бағдарламалардың барлық өзгерістері көрсетіледі.

12.8 "Аумақтың инженерлік-геологиялық жағдайлары" бөлімінде орындалған жұмыстардың әдістемесі мен технологиясы, олардың нәтижелерінің талдауы, аумақты инженерлік-геологиялық соғу, сейсмикалық әсерді шарттайтын топырақтық жағдайлар беріледі. Отырмалы, су сіңіргіштік, құрылымдық-тұрақсыз, қатып қалған және еритін топырақтардың сипаттамасына ерекше көңіл бөлінеді. Жерастылық сулардың деңгейі мен оның техногендік әсер ету нәтижесінде ықтимал өзгеруі туралы мәліметтер беріледі. Физика-геологиялық үдерістер мен зерттеу аумағында бақыланған жаратылыстарға сипаттама мен олардың даму болжамы беріледі. Оларды ары қарай сейсмикалық қасиеттер бойынша аумақтарды аймақтандыру үшін пайдалану көзқарасы тұрғысынан топырақтардың физика-механикалық қасиеттері хабарланады. Сейсмикалық әсер ету кезінде ғимараттар мен имараттар үшін қауіпті топырақтағы қалдық сейсмодеформациялардың сейсмикалық әсер ету кезінде елеулі дамуы немесе белсендірілуі ықтимал телімдер белгіленеді. Аумақтың қолданыстағы топырақтық жағдайларының өзгеруінің болжамы беріледі.

Инженерлік-геологиялық зерттеулердің нәтижесіне ең үлкен бөлшектік бірлік – телім – біртекті топырақтық жағдайлармен сипатталатын инженерлік-геологиялық аймақтандыру картасы жатады.

Инженерлік-геологиялық зерттеудің нәтижелерінің негізінде аспаптық бақылаудың тармақтары мен бейіндерінің орналасуы нақтыланады, орташа (эталондық) топырақтардың таралу телімдері анықталады және олардың сипаттамалары нақтыланады.

12.9 "Аспаптық зерттеулер" бөлімінде аз энергиялық жер сілкіністеріне, жарылыстарға және жоғары жиілікті сикросейсмика фондарына сейсмикалық бақылау жүргізудің нәтижелері, сейсмикалық қаттылық әдісі бойынша сейсмикалық бақылаудың материалдары, сонымен қатар кескіннің құрылысы мен топырақ сипаттамасын нақтылауға арналған басқа геофизикалық әдістердің материалдары беріледі. Белгіленген, тіркелген, көрінген спектрлер, жиіліктік сипаттамалар, белгіленген топырақтық кешендердегі серпінді толқындардың таралу жылдамдығы туралы деректер, жиіліктің әртүрлі диапазонындағы сейсмикалық қарқындылықты жетілдірудің есептері беріледі. Топырақ тербелістерінің сандық сипаттамаларын анықтау бойынша теориялық есептер беріледі, эталондық топырақтарды таңдау негізделінеді.

12.10 "Әдістердің кешені бойынша сейсмикалық аймақтандыру" бөлімінде әртүрлі әдістер бойынша сейсмикалық қарқындылықты жетілдірудің есептерінің нәтижелерінің ұқсастығының талдауы беріледі, сейсмикалық аймақтандырудың картасын жасаудың қағидаттары, оның мазмұны баяндалады және әртүрлі сейсмикалық қарқындылығы бар телімдердің (шағын аудандардың) телімдерінің әдісінің кешені бойынша белгіленген толық сипаттама беріледі.

12.11 Сейсмикалық аймақтандыру картасы техникалық тапсырмада қарастырылған масштабтың кемелінде құрастырылады. Картаның белгіленген сейсмикалық бірліктері бар түсіндірме кестесі болуы керек.

12.12 Картаға рим сандарымен белгіленетін көлденең толқындардың таралу жылдамдықтарының әртүрлі орташа мәндері бар сейсмикалық аймақтар бояумен бөлінетін арнайы ақпарат (жүктеме) жазылады.

12.13 Топырақтардың сейсмикалық қасиеттері бойынша (топырақтың сейсмикалық қасиеттері бойынша санаты) сейсмикалық аймақтар араб сандарымен белгіленетін сейсмикалық аймақ астыларына бөлінеді:

1А – сейсмикалық қасиеттер бойынша топырақтық жағдайдың бірінші А типі;

	<p>1Б – сейсмикалық қасиеттер бойынша топырақтық жағдайдың бірінші Б типі; 2 – сейсмикалық қасиеттер бойынша топырақтық жағдайдың екінші типі; 3 – сейсмикалық қасиеттер бойынша топырақтық жағдайдың үшінші типі.</p> <p>12.14 Сонымен қатар, карталарда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы Ереженің 17 тармағы 12) тармақшасына сәйкес әзірленген және бекітілген инженерлік іздестіру бойынша нормативтердің талабына сәйкес сейсмикалық қатынастарда жағымсыз факторлардың (шындылығы 15Ү асатын жартастар, отырмалы топырақтардың таралу телімдері, қауіпті үдерістер мен экзогендік сипаттағы жаратылыстардың пайда болуы бар телімдер).</p> <p>Жағымсыздық түрлі-түсті безекпен көрсетіледі. Одан басқа, тектоникалық сынықтардың күндізгі беттерге әсер ету (штрихпен) аймақтары белгіленуі керек.</p> <p>Ескертпе: 1 Нәтижесінде сейсмикалық аймақтандыру картасы зерттеу аумағының сейсмикалық ерекшелігінің (сейсмикалық қарқындылық, сейсмикалық қасиеттер бойынша топырақтардың санаты, сейсмикалық қатынастағы инженерлік-геологиялық жағдайлар мен жағымсыздық) бірнеше сипаттамасынан тұрады.</p> <p>Ескертпе 2: Сейсмикалық аймақтандыру карталарында сейсмикалық әсер етудің басқа сандық сипаттамалары (жиіліктік сипаттамасы, резонанстық кезеңдер ж.т.б.) қосымша индекстер мен белгілер түрінде көрсетілуі мүмкін.</p> <p>12.15 Құрылыс алаңының сейсмикалығын нақтылау жөніндегі материалдар: тапсырыс берушінің шегінде нақтылық қажет объектілердің контурлары салынған карталарды қосымшалаған техникалық тапсырмадан, сонымен қатар басқа да негіздеуші материалдардан;</p> <p>орындалған жұмыстардың толық сипаттамасы бар есептен;</p> <p>мәтіндік және графикалық қосымшадан тұруы керек.</p> <p>12.16 Сейсмикалықты бағалау аналогия әдісімен орындалған объектілер үшін негіздейтін мәтіндік және графикалық материалдары бар аумақтың сейсмикалығы туралы есеп немесе қорытынды беріледі.</p>
13	<p>ЕСЕПТІК МАТЕРИАЛДАРДЫ ҚАРАСТЫРУДЫҢ, САРАПТАУДЫҢ ЖӘНЕ БЕКІТУДІҢ ТӘРТІБІ</p> <p>13.1 Сейсмикалық аймақтандыру бойынша жұмыстардың сапсын көтеру мақсатында есептік материалдар қарастыру мен сараптамадан өтеді.</p> <p>13.2 Жұмыстар аяқталғаннан кейін есептік материалдар сараптамадан өтеді және дұрыс пікірлер болған жағдайда – материалдарды Қазақстан Республикасының нормативтік құжаты ретінде бекіту үшін белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы сәулет-қала құрылысы кеңесіне жіберу туралы шешім қабылданады.</p> <p>13.3 Қазақстан Республикасының нормативтік құжаты ретінде бекітілген сейсмикалық аймақтандырудың картасы қала құрылысына игеру және құрылыстың жеке алаңдары үшін және қолданыстағы ғимараттар мен имараттарды реконструкциялау кезінде телімдердің сейсмикалығын анықтау үшін қолданыла алады.</p>

ӘОЖ 699.841 (69.528.48) СМЖ 91.120.25

Негізгі сөздер: геологиялық құрылыс салу, гидрогеологиялық жағдайлар, топырақтың қасиеттері, геологиялық және инженерлік-геологиялық үдерістер, инженерлік-геологиялық аймақтандыру, геологиялық орта, инженерлік-геологиялық жағдайлар, геологиялық үдеріс, инженерлік-геологиялық үдеріс, стационарлық бақылау, жерастылық сулардың тәртібі, инженерлік-геологиялық жағдайлардың күрделілігінің санаттары, техногендік әсер ету

Информационно-правовая система "Әділет" 15.09.2016 г.; "Казахстанская правда" от 04.07.2017 г., № 126 (28505); "Егемен Қазақстан" 04.07.2017 ж., № 126 (29107)

Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 10 августа 2016 года № 14083.

Председатель М. Жайымбетов

Приложение 2
к приказу председателя Комитета
по делам строительства и
жилищно-коммунального хозяйства
Министерства национальной
экономики
Республики Казахстан
от 12 июля 2016 года № 31-НҚ

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСТЫҚ НОРМАЛАРЫ
Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и
строительства
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ҚҰРЫЛЫСҚА АРНАЛҒАН ИНЖЕНЕРЛІК ІЗДЕУЛЕР.
СЕЙСМИКАЛЫҚ ШАҒЫН АЙМАҚТАНДЫРУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР
ИНЖЕНЕРНЫЕ ИЗЫСКАНИЯ ДЛЯ СТРОИТЕЛЬСТВА. СЕЙСМИЧЕСКОЕ
МИКРОЗОНИРОВАНИЕ.
ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ
ҚР ҚН 1.02-02-2016
СН РК 1.02-02-2016 : с изм. 2020-03-04
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
Министерство национальной экономики Республики Казахстан

СОДЕРЖАНИЕ

Введение

- 1 Область применения
- 2 Нормативные ссылки
- 3 ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ
- 4 ЦЕЛИ И ФУНКЦИОНАЛЬНЫЕ ТРЕБОВАНИЯ
- 4.1 Цели нормативных требований
- 4.2 Функциональные требования
- 5 ОБЩИЕ ТРЕБОВАНИЯ к рабочим характеристикам сейсмического зонирования территории
- 6 ИНЖЕНЕРНО-ГЕОЛОГИЧЕСКИЕ И ИНСТРУМЕНТАЛЬНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ

- 6.1 Инженерно-геологические исследования
- 6.2 Инструментальные исследования
- 7 Методы сейсмологической регистрации землетрясений и взрывов
- 8 Изучение микросейсм
- 9 Метод сейсмических жесткостей
- 10 РАСЧЕТНЫЕ МЕТОДЫ
- 11 ВЫБОР ЭТАЛОННЫХ ГРУНТОВ
- 12 СОСТАВ И СОДЕРЖАНИЕ ОТЧЕТНЫХ МАТЕРИАЛОВ
- 13 ПОРЯДОК РАССМОТРЕНИЯ, ЭКСПЕРТИЗЫ И УТВЕРЖДЕНИЯ ОТЧЕТНЫХ МАТЕРИАЛОВ

СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Инженерные изыскания для строительства.

Сейсмическое микрорайонирование. Общие положения : с изм. 2020-03-04

